



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 39 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 9 қ а ң т а р д а ғ ы
№ 3 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы: бәсекеге қабілеттілікті және тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз ететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және і с к е а с ы р у

Пайымдауы: жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт

2. Ағымдағы жай-күйді талдау

Қазақстанда 5 жастан 24 жасқа дейінгі халықтың 85 % білім беру бағдарламаларымен қамтылған. 4,5 млн. дерлік адам білім алуда. Білім және ғылым саласында 500 мыңға жуық оқытушы мен ғалым жұмыс істейді. Білім және ғылым жүйесімен республика халқының 30 %-ға жуығы қамтылған. Республика халқының 99,6 % - сауатты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының деректері бойынша, Қазақстан 2009 жылы адам дамуының индексі бойынша 82-орынға ие болып, адам әлеуеті дамуының жоғары деңгейлі елдерінің қатарына кірді.

Барлық білім беру деңгейлері тиісті ұйымдар желісімен институционалды қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, білім беру жүйесінің жай-күйіне Қазақстанда жүріп жатқан демографиялық процестер өзінің елеулі әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасындағы туылу үрдісі

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Орын алған бала-бақшалар санының төмендеу үрдісіне 2000 жылы түбегейлі өзгеріс жасалды. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны жыл сайын өсуде. Соңғы жылдары республикамызда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер санының өсуі байқалуда. 2009 жылы 1 қазанда ол 2000 жылғы 133,2 мың балаға қарағанда 356,0 мың баланы құрап отыр.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

2009 - 2010 оқу жылында жалпы саны 2486, 3 мың оқушыны қамтыған 7576 күндізгі жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді. Олардың ішінде 4288 мектеп - шағын кешенді мектептер (40 оқушыға дейінгі контингентті құрайтын бастауыш мектеп, 100 оқушыға дейінгі контингентті құрайтын негізгі мектеп және 280 оқушыға дейінгі контингентті құрайтын орта мектеп).

Қазақстан Республикасында 866 техникалық және кәсіптік білім беретін (бұдан әрі - ТЖКБ) оқу орны жұмыс жасайды, оның ішінде 324-і кәсіптік лицей, 542-сі колледж. Олардың 171 ТЖКБ оқу орындары (немесе 19,7 %) ауылдық жерде орналасқан, оның ішінде 137 кәсіптік лицей мен 34 колледж.

ТЖКБ оқу орындарында 610,4 мың адам білім алады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша - 194,4 мың адам (немесе 31,8 %).

Сапасыз білім беретін жоғары оқу орындарының артық желісі 2007 - 2008 жылдары 176-дан 144-ке дейін қысқарды.

Білім және ғылымды дамыту үшін мынадай стратегиялық құжаттар қабылданды:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2007 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

2007 - 2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші шақырылымының III

сессиясының ашылымында берген тапсырмасын және Мемлекет басшысының қатысуымен өткен кеңестің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 01-7.12 хаттамасының 1.2 тармағын орындау үшін «Ғылым туралы» жаңа Қазақстан Республикасының Заңы ә з і р л е н у д е .

Білім беру құрылымы ЮНЕСКО-97 халықаралық стандарттық жіктеуішіне сәйкес келтірілді. 12 жылдық мектепті енгізу үшін жағдай жасалынып жатыр. Техникалық және кәсіптік білім беру қайта құрылды. Мамандарды даярлаудың үш деңгейі енгізілді: бакалавр - магистр - Ph.D докторы. 2009 жылы мамандықтардың үлкейтілген топтарынан тұратын Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші бекітілді.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі құрылды. Оған тәуелсіз сырттан бағалаудың бүкіл элементтері кіреді (лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ), мемлекеттік аралық бақылау (бұдан әрі - МАБ), талапкерлерді кешенді тестілеу және басқалары).

Республиканың барлық өңірлерінде білім сапасын бағалаудың облыстық жүйесін е н г і з у б а с т а л д ы .

Ғылымның дамуы 6 басым бағытқа шоғырланған: нанотехнологиялар мен жаңа материалдар; биотехнологиялар; көмірсутекті және тау-кен-металлургиялық секторларға арналған технологиялар және олармен байланысты сервистік салалар; ядролық технологиялар және жанарған энергетика технологиялары; ақпараттық және ғарыштық технологиялар; ұлттық идея тұрақты дамудың негізі ретінде.

Елдің ірі өңірлік ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындары қатарында қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етілетін ғылым дамуының басымдықтарына сәйкес келетін сындық технологиялар бойынша ұжымдық пайдаланымдағы 5 ұлттық ғылыми зертхана мен инженерлік бейінді 15 университеттік зертхана құрылды.

Ғылым мен білімді интеграциялау мақсатында 6 инновациялық-білім беру к о н с о р ц и у м ы қ ұ р ы л д ы .

Қазақстан құс тұмауына қарсы меншікті вакцинасы бар 13 елдің бірі болды. 2009 жылы республикада мемлекеттік тапсырыс бойынша құс тұмауына қарсы N5H1 вакцинасын 7,7 млн. дозада шығару басталды.

Қазақстан Республикасы A/N1H1 тұмауына қарсы сапасы дүниежүзілік әлемдік баламалар қатарындағы инабелсенді технологияны әзірлеген 5-інші мемлекет болып табылады. Технология NIBRG-121xp рекомбинантты штамм негізінде Refivac атауымен әзірленді және қазіргі уақытта оның клиникалыққа дейінгі сынағы табысты аяқталуда. Әзірлеушілердің болжауынша, вакцинаның бағасы шетелдік баламаға карағанда шамамен 40-50 пайызға арзан болады.

Ғылыми ұйымдар желісі кеңейде. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Мемлекет тарихы институты құрылды.

Жүргізілген зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығы көрсеткіштерінің бірі елдегі патенттеу және жалпы басылымдардың мүмкіндігі мен деңгейі болып табылады.

1 млн. тұрғынға берілген патенттік өтінімдер саны

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Тек соңғы үш жыл ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жаратылыстану-ғылыми бейіндегі ғылыми ұйымдары 281 патентке ие болды, халықаралық басылымдарда 754 мақала, халықаралық конференция еңбектерінің жинақтарындағы баяндамалардың 1957 тезисі жарияланды.

2009 жылы Қазақстан Республикасы ғалымдарының шетел басылымдарындағы үлесі бүкіл әлемдік ағынында 0,018 %-ға тең, бұл орта әлемдік деңгейге сәйкес келеді.

Қазақстан ғалымдарының жұмыстарын үлгі етіп алудың 2001 жылдан бері 3 есеге артқан тұрақты өсуі байқалуда. Бұл ғылыми зерттеулердің өзектілігін және қазақстан ғылымына деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Біз 10 000 ғалымға шаққандағы патенттер саны бойынша да орта әлемдік деңгейге жетуге жақынбыз. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің жақсаруына елдің ғылыми-техникалық саласын басқарудың жаңа үлгісін іске асыру нәтижелері ықпал етті.

Ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша 2008 жылы ғылыми ұйымдар 33 патентке, 173 алдына ала патентке ие болды, қорғаныс құжатын алу үшін 84 өтініш берілді, 77 монография, 3287 жарияланым, оның ішінде 516 халықаралық басылымдарда 230 жинақ (кітаптар, брошюралар) шығарылды.

Республикамыздың барлық өңірлерінде балалардың құқықтарын қорғау органдары жұмыс істейді. Балалар үйлеріндегі балалар санын азайту, қадағалаусыз және қорғансыз қалған балалардың пайызын төмендету, жасөспірімдер үйлерінің желісін кеңейту жолымен балалар үйлері түлектерінің тұрғын үй проблемаларын шешу үшін ж а ғ д а й ж а с а л ғ а н .

Жастар саясаты белсенді іске асырылуда. Жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруды қамтамасыз етуге танылған мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылының қажетті құқықтық негізі қаланды. Жыл сайын қоғамдық іс-шаралар мен патриоттық акциялардың, студенттік құрылыс жасақтарының және «Жасыл ел» жасақтары сарбаздарының, іске асырылған әлеуметтік маңызды жобалардың саны артуда. Қазақстан студенттерінің альянсы 50 мың адамды біріктіреді. Жастар ұйымдарының саны 700-ден асады, олардың қызметіне елдің 1,2 млн. астам ж а с ы қ а т ы с а д ы .

Мектептерді компьютерлендіру аяқталды. 1 компьютерге 20 оқушыдан, ауыл мектептерінде 1 компьютерге 18 оқушыдан келетін арақатынасқа қол жеткізілді. Мектептердің 98 %-ы Интернет желісіне қосылды. Мектептердің 98 %-ы, ауыл мектептердің - 97 %-ы телефон желісіне тартылды. Қазақстандық білім беру порталы (www.eduport.kz) тәжірибелік пайдалануға берілді. 2011 - 2016 ж.ж. электронды оқу жүйесін құруға техно-экономикалық негіздеме әзірленді.

Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесін жаңғыртуға ықпал ететін түйінді бастамашыл жобалардың бірі «Нұрсұлтан Назарбаевтың 20 Интеллектуалды мектебі» жобасы болып табылады. Аталған мектептер балабақшалар, мектепалды топтар, 12 жылдық оқытудың білім беру бағдарламалары үшін оқу-тәрбие бағдарламаларын әзірлеу, енгізу және сынақтан өткізу бойынша бастапқы алаңдар болып табылады. Аталған бағдарламалар Қазақстандық білім берудің үздік дәстүрлерінің әлемдік педагогикалық практиканың алдыңғы қатарлы тәжірибелерімен үндесетін, физика-математикалық және химия-биологиялық бағыттағы пәндерді бейімдеуді қайта қарайтын, көптілді ортаны қалыптастыруға ықпал ететін болады. Бір мектепте халықаралық бакалавриаттың принциптері мен философиясына сәйкес бағдарламалар енгізілетін және авторландырылатын болады. 2014 жылы Қазақстан Республикасының аумағында 20 мектеп жұмыс жасайтын болады.

Қазақстан оқушыларының Халықаралық олимпиадаларда жеңіп алған медальдарының саны жыл сайын өсуде. Тек 2008 жылы 104 алтын, 111 күміс және 120 қола медаль жеңіп алынды.

2009 жылдың 10 айында республиканың құрама командалары 392 медаль және 19 грамота, оның ішінде 88 алтын, 150 күміс, 154 қола медальды жеңіп алды.

Бұдан басқа, қазақстандық оқушылар 2004 жылдан бері «Қашықтықтан Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасы» және «Жібек жолы» қашықтықтан математикалық олимпиадасы атты қашықтықтан болатын халықаралық олимпиадаға қатысып келеді.

Санкт-Петербург информатикалық технологиялар, механика және оптика университетімен жасалған шартқа сәйкес 2009 жылы Информатикадан бірінші Евразиялық интернет-олимпиада өткізілді.

2007 жылғы еліміздің жас интеллектуалдарының халықаралық математика олимпиадаларындағы жеңістері әлемнің 95-тен астам елдері өкілдерінің құрамында 2010 жылы математика пәнінен 51-ші Халықаралық олимпиаданы ұйымдастырушы ел ретінде Қазақстанның кандидатурасын халықаралық ұйымдастыру комитетінің бірауыздан қолдауына ықпал етті. 2009 жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы боп Германияда өткен 50-ші Халықаралық Математика олимпиадасында мәртебелі интеллектуалдық жарыстың эстафеталық жалауын қабылдап алды.

Қазақстан әлемнің 43 елімен бірге математика және жаратылыстану бойынша 4-сынып оқушыларының білімін бағалау бойынша TIMSS-2007 (Third International Mathematics and Science Study) халықаралық саластырмалы зерттеудің қатысушысы болды. Зерттеуге 141 мектептен 3,99 мың оқушы қатысты. Қазақстанның нәтижелері (549 балл) төрт елдің нәтижесінен төмен, бірақ орташа халықаралық балдан жоғары.

15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану саласындағы сауаттылығын бағалау мақсатында Қазақстан алғаш рет PISA (Programme for International Student Assessment) 2009 Халықаралық зерттеуіне қатысты. Зерттеуге 200

білім беру ұйымынан 5,59 мың оқушы қатысты.

Студенттердің академиялық ұтқырлығы өсуде. Республиканың жоғары оқу орындарында 10 мыңға жуық шетел азаматтары оқиды, шетелдерде 20 мыңнан астам қазақстандық оқиды. 3000-ға жуық «Болашақ» стипендиясының иегері әлемнің 27 е л і н д е о қ и д ы .

Білім және ғылым саласында 130-дан астам халықаралық шарт жасалды. 150-ден астам білім беру және ғылым ұйымдары шетелдік әріптестерімен тікелей байланыстар о р н а т у д а .

Білімді сипаттайтын бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің (бұдан әрі - БЖИ) 11 құрамдас бөлігінің тек бір «Жоғары оқу орындарына қабылданған студенттер саны » индикаторы бойынша ғана біз 50 үздік ел қатарына кіріп отырмыз.

Қазақстанның білімінің және ғылымының бәсекеге қабілеттілігін тежейтін бірқатар ж ү й е л і к п р о б л е м а л а р б а р :

1) Мектепке дейінгі білімге тең қол жеткізу қамтамасыз етілмеген

2009 жылдың бірінші жартыжылдығында республикадағы балалардың 36,9%-ы мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған. Бұл бізге жақын көршілерден (Ресей - 64,5%) г ө р і е д ә у і р тө мен .

1 мен 6 жас арасындағы 600 мыңдай бала ұйымдастырылған мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған.

Мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиемен, мектепалды даярлықпен қамтудың төмен көрсеткіші БЖИ-дің «Бастауыш біліммен қамту» индикаторына әсер етеді (133-т е н 8 6 - о р ы н) .

2) Мектептегі білімнің инфрақұрылымы мен мазмұны мемлекет ұсынған бірдей сапалы білім беру қызметтерін және 12 жылдық мектепке көшуді қамтамасыз етпейді

«Бастауыш білімнің сапасы» (133-тен 67-орын), «Білім беру жүйесінің сапасы» (66-орын), «Математикалық және ғылыми білімнің сапасы» (72-орын) БЖИ индикаторында білім беру ұйымдары желісінің жетіспеушілігі, олардың нашар материалдық базасы, жетілмеген білім беру мазмұны және тағы басқалар байқалады.

Қазіргі жалпы білім беретін мектептер базасының материалдық-техникалық жай-күйі қазіргі заманның талаптарға әлі де жауап бере алмай отыр: жалпы саны 7576 мектептің 64,6 %-ы типтік ғимараттарда, 35,4 %-ы бейімделген, 201 мектеп авариялық жағдайда тұр. Мектептің 22,7 %-ы күрделі жөндеуді қажет етеді. Мектептің 85,0 %-ы 1990 жылға дейін салынған. Мектептің 62,7 %-ы екі, ал 70-і үш ауысымда жұмыс істейді. Еліміздің өңірлерінде білім берудің бюджетін қалыптастыру кезінде мектептердің оқу-материалдық базасының мазмұны мен дамуына қажеттілігі іс жүзінде дұрыс есепке алынбайды, нәтижесінде авариялық жағдайда тұрған мектептердің саны азаймай отыр. Ауылдық мектептердің көпшілігі бейімделген ғимараттарда орналасқан. Республикамызда 2000 - 2007 жылдары бұл үлес өзгермей отыр және 2009 жылда ол мектептердің жалпы санының 41,7 %-ын құрап отыр.

2009 жылы оқушы орындарының жетіспеушілігі - 78 629 бірлікті құрады. Республика өңірлеріндегі 195,8 млрд. теңгені құрайтын 259 мектептің құрылысы орын тапшылығын азайтады, бірақ барлық мәселені толық шешпейді:

Жаңа объектілер енгізуді ескере отырып, оқушы орнының тапшылығы

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың сапасын, оқушылар білімінің, іскерлігінің, дағдысының деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі - мектептерде пәндік кабинеттердің болуы. 1970 - 1990 жылдары сатып алынған мектеп жиһаздары моральдық және табиғи тұрғыдан ескірген және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. 2009 жылы мектептердің тиісті пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілуі облыстар бойынша айтарлықтай өзгеруде. 2009 жылы мектептердің оқу кабинеттермен орташа қамтамасыз етілуі олардың жалпы санының: физика - 78,87 %-ын, химия - 71,6 %-ын, биология - 66,67 %-ын, ЛМК - 40,6 %-ын құрап отыр.

Оқулықтардың сапасын жақсарту мақсатында сараптама жүзеге асырылады. 2009 жылдың бірінші жартыжылдығында 1381 оқулық пен ОӘК сараптамадан өткізілді: мектепке дейінгі білім беру үшін - 62 оқу құралы, орта білім үшін - 905, техникалық және кәсіптік білім беру үшін - 96, жоғары білім беру үшін - 29 және электрондық білім беру басылымдары үшін - 289. Сараптама қорытындысының нәтижесі бойынша 2009 жылы 831 оқулық пен ОӘК оқу үдерісіне пайдалануға ұсынылып, 332 оқу басылымы жан-жақты пысықталып қайтадан сараптамаға жіберілген, 119 оқулық пен ОӘК оқу үдерісіне пайдалануға ұсынылмаған болса, 99 басылым сараптамаға жіберілмеген.

12 жылдық білім беру шеңберінде мектепке баратын алты жасар балалар үшін Қазақстан мектептерінде ойын және демалыс бөлмелерін жабдықтау, ыстық тамақпен және витаминдендірілген киселмен қамтамасыз ету қажет.

Білім беруді қаржыландыру 10 жыл ішінде 7 есеге ұлғайды.

Соңғы жылдары Қазақстанда оң үрдіс байқалуда - мемлекеттік бюджеттен білім беру жүйесін қаржыландырудың абсолюттік мәнінде едәуір өсуі. Егер 2000 жылы бір оқушыға мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту шығындары 25,8 мың теңгені құраса, онда 2009 жылы - 106,2 мың теңге, ал орта білім алатын бір оқушыға жұмсалатын шығын 18,8-ден 117,99 мың теңгеге дейін құрап отыр.

Бірақ қаржыландыру құрылымында жалақы 82 %-ды құрайды. Күрделі жөндеуге және негізгі құралдарды сатып алуға барлығы мектепке жұмсалған қаражаттан 3 %-ды құрайды.

Оқушыларды тамақтандыру мен тасымалдау шығыстарын ескере отырып, жан басына шаққандағы қаржыландыру тетігі жоқ. Мектептерде балаларды сапалы және теңестірілген тамақтандыру жүйесі дамымай отыр. Бұл ретте елімізде мектептік тамақтандырудың қазіргі заманға сай, жоғары технологиялық және электр қуатын үнемдейтін комбинаттары жоқ. Нәтижесінде ыстық тамақпен оқушылардың 63,7 %-ы

ғ а н а

қ а м т ы л ғ а н .

Республикада 5368 оқушы үшін, оның ішінде мектептері жоқ елді мекендерде тұратын 2827 оқушы үшін жеткізу ұйымдастырылмаған. Тасымалдау ұйымдастырылған жерде тасымалдаудың қауіпсіздігі мен жабдықталуына қатысты проблемалар бар. Автобустардың техникалық жағдайы, жанар-жағар май және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету мәселелері жүйелі түрде шешілмеген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша соңғы бес жылда балалар мен жасөспірімдер арасында аурудың өсу үрдісі бар. Балалар арасында ауру 2008 жылы 100 мың халыққа 99170,9 (2007 ж. - 99729,3); жасөспірімдер арасында 100 мың халыққа - 77375,5 (2007 ж. - 77403,5) құрады. Оқушылар денсаулығының жағдайына мінез-құлық факторлары әсер етеді. Жасөспірімдердің 21 % -ы шылым шегеді. Диспансерлік есепте нарколог-дәрігерлердің бақылауында 3,8 мыңнан астам жасөспірім тұр.

3) Техникалық және кәсіптік білім еңбек нарығының қажеттілігінен алшақ

БЖИ көрсеткіші бойынша «Орта білім берумен қамту» 133 орынның ішінде Қазақстан 51 - орын алады.

Техникалық және еңбек қызметін көрсетудің білікті мамандарын даярлау 149 кәсіппен 217 мамандық бойынша жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні еңбек нарығында таңда ішкі және сыртқы бәсекеге өсуде. Білікті жұмыс кадрларына деген сұраныс әлі де бар. Жыл сайын ТЖКБ оқу орындарынан 45 мың мамандар шығарылады. Соның өзінде еңбек нарығындағы сұраныс 30-40%-ға ғана қанағаттандырылады. ТЖКБ жүйесі кәсіпорындарға қажетті мамандарды даярлауға бейімді болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан кәсіпорын қызметіндегі жаңа енгізілімдерді, сонымен қатар бизнесті дамыту стратегиясын есепке ала отырып, экономика саласында кадрларға деген объективті қажеттілік болжамы жүргізілмейді.

Еңбекті ұйымдастыру және мамандықтардың мазмұны өзгеруде. Қазіргі таңда қойылған біліктілік талаптар жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес емес. Сондықтан қойылған біліктілік талаптарды үнемі жаңарту керек, себебі кадрларды даярлау экономика талабынан қалыспауы қажет.

- Кадрлар даярлау жөніндегі өңірлік және өңіраралық кеңестер;
- жергілікті жерде - ТЖКБ-ны дамыту жөніндегі өңірлік кеңестер құруды тездету қажет.

ТЖКБ-нің жүйесінің дамуына бизнес-құрылымдарының қатысуының нормативтік құқықтық жағдайын жетілдіру мақсатында ТЖКБ-ны дамытуды қолдау қорын құру қажет.

Жұмыс берушілердің жаңа немесе олардың қолданыстағы салалық біліктілік талаптарын әзірлеулері қажет және кәсіптік стандарттар әзірлеуге, емтихандық тапсырмаларды әзірлеуге, біліктілікті бағалауға қатысулары қажет.

Салада кадрлар даярлаудың сапасын басқарудың негізгі тіректерінің бірі - жұмыс берушілердің біліктілікті тәуелсіз бағалау, яғни мамандарды сертификаттау.

Әр салада қызметкерлердің біліктілігін сертификаттау жүйесін, оның ішінде халықаралық сертификаттау агенттіктерін тарта отырып, құру қажет. Жоғары білікті инженер-педагогикалық кадрлар еңбек ақының төмендігінен өндірістерге кетуде.

Өндірістегі тағылымдар және оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесі қазіргі т а л а п қ а с а й е м е с .

Қаржыландыру көлемі төмен қалпында сақталуда. Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын жоспарлау т е т і г і н ж е т і л д і р у қ а ж е т .

Іс жүзінде барлық ТЖКБ оқу орындары ескірген құрал-жабдықтарды қолдануда. Бұл ретте ескірген жабдықтармен қамтамасыз етілу орта есеппен 54%-ды құрайды. Ауылды жерлерде техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының желісі дамытылуы т и і с .

4) Жоғары білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау жөнінде ұсынылатын қызмет сапасының төмендігі

БЖИ көрсеткіші бойынша Қазақстан «Жоғары біліммен қамту» бойынша 134 орынның ішінде 45-орынға ие. Сонымен қатар «Мектеп менеджментінің сапасы» бойынша - 97; «Зерттеу және тренингтік қызмет көрсетудің жергілікті қол жетімділігі» б о й ы н ш а - 6 8 - о р ы н д а .

Қазақстандық жоғары оқу орындарын басқару жүйесі еліміздің экономикасының озық дамуын қамтамасыз етуде оларға әлуетті мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік б е р м е й д і .

Мемлекеттік тапсырыс көлемінің 50 % ғана экономика салаларының қажеттілігін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Білім беру ұйымдарын бітірушілердің небары 10 % мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға талаптана алады, бұл тегін жоғары білім алуға мүмкіндікті азайтады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне және ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты халықаралық құқық, халықаралық экономика және басқа түрлі бағыттар бойынша халықаралық саладағы мамандарды даярлауды кеңейтудегі қажеттілік қ а н а ғ а т т а н д ы р ы л м а ғ а н .

Жоғары оқу орындарының көрсететін білім беру қызметі сапасының төмендігі қазақстандық жастардың шетелде оқуын таңдауға ықпал етеді. Қазіргі уақытта шетелдік жоғары оқу орындарында 20 мыңдай адам білім алуда.

Бірде-бір қазақстандық жоғары оқу орны халықаралық институционалды аккредитациядан өтпеген және университеттердің халықаралық академиялық р е й т и н г і с і н е қ а т ы с п а ғ а н .

Әлеуметтік әріптестік нашар дамыған. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс әлсіз. Бітірушілерді жұмыспен қамту, жоғары білім беру стандарттарын жасау,

мамандарды даярлау және аттестаттау үрдісіне жұмыс берушілерді тарту тетіктері жоқ.

Нәтижесінде жоғары оқу орындарын бітірушілердің алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу деңгейі төмен.

Мемлекеттік жоғары оқу орындары жатақханаларының 77 % алынғанына 25 жылдан астам уақыт өткен. Олар бойынша соңғы ағымдағы жөндеуден өткізілген мерзім 1 жылдан 5 жылға дейін уақытты құрайды.

Республикалық бюджетті әзірлеу кезінде жоғары оқу орындарының күрделі жөндеуге 3 млрд. теңге сомасындағы жыл сайынғы өтінімі 20 %-ға қанаттандырылады.

Қазіргі уақытта студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету өткір проблема күйінде қалып отыр. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2008 - 2009 оқу жылында :

- республика бойынша басқа қалалық студенттердің жалпы саны - 127 189 адамды құрады ;
- жатақхананы қажет ететін студенттердің саны - 73 061 адам, оның ішінде 53 464 адам жатақханада тұрады, осылайша, 19 579 адам (26,8 %) жатақханамен қамтамасыз етілмеген.

Профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жүйесі дамымаған. Нәтижесінде - оқытушылардың кәсіби шеберлігі деңгейінің төмендігі. Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі, қазіргі заманға сай жабдықталған зертханалардың болмауы.

Диссертациялық зерттеулер шеңберінде орындалатын ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелердің тиімділігінің және нәтижелігінің төмендігі.

Ғылым салалары бойынша диссертациялардың ең көп саны гуманитарлық ғылымдарға келеді - мысалы, 2008 жылы қорғалған диссертациялардың жалпы санынан 51,5 %. Жаратылыстану және нақты ғылымдар бойынша 16,6 % құрайды, техникалық және қолданбалы ғылымдар бойынша - 31,9 %. Бұл гуманитарлық саланың жетекші болып қалып отырғанын көрсетеді - негізінде, бұлар экономика, педагогика және филология салалары.

Қазіргі уақытта Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасында бекітілген 400-ден астам мамандықтың 227-сі ғана Қазақстан Республикасының диссертациялық кеңестерімен қамтылған. Диссертациялық кеңестерді құру кезінде республикаға жаңа және сирек мамандықтар бойынша кадрлардың қажеттілігі ескеріледі.

Мысалы, соңғы жылдары басым ғылыми бағыттар бойынша қажетті диссертациялық кеңестер ашылды: «Биотехнология»; «Вирусология»; «Скважиналарды бұрғылау және игеру технологиясы» «Мұнай және газ кен орындарын игеру мен пайдалану»; «Қара, түсті және сирек металдар металлургиясы»; «Атом ядросы мен элементті бөлшектер физикасы», 2008 жылы тағы да бірқатар жаңа мамандықтар

ашылды: «Ақпараттық жүйелер мен процестер, ақпараттанудың құқықтық аспектілері»; «Өнімдердің сапасын стандарттау және басқару»; «Инженерлік геометрия және компьютерлік графика»; «Халықаралық қатынастар мен ғаламдық дамудың саяси проблемалары».

Әлеуметтік сұраудың нәтижелері респонденттердің 64 % мемлекеттік жоғары оқу орындарын жемқорлыққа аса бейім деп санайды, 54 %-ы жоғары оқу орындарында жемқорлықтың деңгейін жоғары деп бағалайды, 28 %-ы дипломдарды «сатып алу» фактілерін көрсетеді.

5) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту әлемдік стандарттардан артта қалауда

Компьютерлік техниканы оның физикалық және моральдық тозуын ескере отырып жыл сайын жаңартып отыру қажет. Бүгінгі таңда мектептердегі 29 664 (24 %) компьютер ауыстыруды қажет етеді. Әлемдік көрсеткіштерге (1 компьютерге 5-6 оқушыдан) жету үшін мектептер қосымша 396 500 компьютер алуы керек, яғни қазіргі кездегі көрсеткіштен 3,2 есе көп. 2010 - 2016 ж.ж. электрондық оқу жүйесінің техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес 296 444 бірлік компьютер мен ноутбуктер сатып алу көзделіп отыр, бұл аталған көрсеткішті күрт өзгертіп, 2016 жылдың аяғына қарай компьютермен қамтамасыз етілуді 1 компьютерге 7-8 оқушыға дейін жеткізеді.

2016 жылғы қарай электрондық оқу жүйесінің техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес білім беру ұйымдарының 90 %-ы Интернеттің кең жолақты желісіне (қосылу жылдамдығы 4-10 Мб/сек) қосылады. Маңызды мәселе мектептердің Интернет желісіне шығуының құны болып табылады. Төмендетілген тарифтерге қарамастан Интернет өте қымбат болып отыр.

Электрондық оқу жүйесі барлық білім беру ұйымдарына, оқытушылар мен оқушыларға, олардың білім ортасындағы даму динамикасына қатысты ақпаратты сақтайды. Білім беру қызметтеріне тең түрде қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жүйе қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделеді. Электрондық оқу жүйесі e-learning халықаралық шешім стандартын қолдайтын болады.

2016 жылдың соңына қарай 25 800 сандық білім беру интернет-ресурстары құрылады, соның ішінде орта білім беру жүйесі үшін - 5 520 және кәсіптік мектептер үшін - 9150, колледждер үшін - 11 130. Сондай-ақ, сандық білім беру ресурстарын (электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқыту бағдарламалары, бағдарламалар тесті және тағы басқалар) сараптау бойынша сараптама кеңестерінің жұмысы жалғастырылады.

Жоғары білім беру жүйесіне арналған 2 380-нен астам электрондық оқулықтар мен оқыту бағдарламаларын жасау қажет. Сонымен қатар, сандық білім беру ресурстарын, (электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқыту бағдарламалары, бағдарламалар тесті және тағы басқалар) сараптау бойынша сараптама кеңестерінің жұмысын жалғыстыру

қ а ж е т .

Білім беруді ақпараттандырудың тиімділігі көбінесе педагог кадрларды білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) жүйелі түрде пайдалануға даярлауға байланысты.

Соңғы 5 жылда білім беруді ақпараттандыру бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған мемлекеттік тапсырыс бойынша 11 мыңнан астам информатика пәні мұғалімдері және пән мұғалімдері даярланды. 2006 жылы 3979 адам, 2007 жылы - 4000 мұғалім, 2008 жылы - 4200 педагог оқытылды.

Соңғы жылдары жабдықтарды жеткізу кезінде мұғалімдерді қоса даярлау үрдісі байқалды. Сонымен қатар бұл білім беруді ақпараттандырудың ең төмен көрсеткіштерінің бірі.

б) Әлеуметтік жетімдік, балалардың қараусыз және қадағалаусыз қалу фактілері, балалардың өмір сүру сапасы кепілдігінің жеткіліксіз қамтамасыз етілуі

Әлі күнге дейін әлеуметтік жетімдік құбылыс ретінде сақталып отыр. 46 мыңнан астам жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінде, 16 мыңнан астам бала мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде тәрбиеленіп отыр. Оның ішінде 83,8 %-ы әлеуметтік жетімдер.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда жетім және әлеуметтік жетімдердің ара қатынасы

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

2005 жылмен салыстырғанда жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың саны 13 мекемеге дейін қысқарды.

Тиісінше жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік ұйымдарда тәрбиеленетін балалар санының 1776 балаға азаюы байқалады, бұл 13,4 %-ды құрайды.

Орта есеппен алғанда жыл сайын 10 мың панасыз және қараусыз қалған балаларды анықтау үрдісі қалып отыр. Республикада 13 мыңнан астам жайсыз отбасылар бар. 2009 жылдың өзінде 923 ата-ана ата-аналық құқығынан айырылды. Отбасы және балалар қолайсыздығын анықтаудың бірыңғай критерийлері жоқ.

2005 жылдағыдай балаларды орналастырудың ерекше нысаны 2009 жылы да отбасыға орналастыру, яғни қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), асырап алуға, патронаттық тәрбиеге беру болып қалып отыр.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды жетілдіру қажет. Аталған санаттағы балаларды толық және нақты есепке алу, оларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына тәрбиелеуге беруге ықпал жасау үшін осы санаттағы балаларды есепке алудың ақпараттық жүйесін құру қажет.

28 мыңнан астам бала қорғаншылар мен қамқоршылардың отбасыларында тұрып жатқанына қарамастан, қорғаншылар мен қамқоршыларды материалдық қолдау тетіктері жоқ. Балалар үйлеріндегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балалардың санын қысқарту үшін аталған санаттағы балаларды тәрбиелеуге алған қазақстандық азаматтарды материалдық жағынан ынталандыру қажет. Осыған байланысты қолданыстағы заңнамаға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайын берілетін жәрдемақы түріндегі және асырап алушыларға берілетін біржолғы жәрдемақы түріндегі материалдық ынталандыру нормасын енгізу қажет.

Жетім балалар ішіндегі түлектерді жұмыспен қамту тетігі жоқ. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғау тетігі жұмыс істемейді. Олардың 10 %-ының ғана тіркелген тұрмыстық үйлері бар.

7) Ғылымды басқару жүйесі одан әрі жетілдіруді талап етеді

Бүкіләлемдік экономикалық форумның есебіне сәйкес Қазақстан 2009 жылы бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингісінде «Инновациялық даму» индексі бойынша 64-орын (2007 жылы - 75, 2008 жылы - 62) алды. Атап айтқанда, «Инновацияларға қабілеттілік» индикаторы бойынша - 50 (2008 жылы - 50), «Цатент» индикаторы бойынша - 85 (2008 жылы - 74), «Жоғары оқу орындары ынтымақтастығы және зерттеулер өндірісі» индикаторы бойынша - 77 (2008 жылы - 64), «Ғалымдар мен инженерлерге қол жетімділік» индикаторы бойынша — 74 (2008 жылы - 83), «Ғылыми-зерттеу институттарының сапасы» - 80 (2008 жылы - 58).

Осы нәтижелерге ғылымды аз мөлшерде қаржыландырудың өзінде қол жеткізілгенін атап өткен жөн. Жеке салынымдарды қосқанның өзінде, ғылымға бөлінген қаражат, яғни ішкі жалпы өнімнен АҚШ-та - 2,84 %, Финляндияда - 4,0 %, Ресейде - 1,2 % құраса, бізде 0,22 % (бюджеттік қаржыландыру үлесі - ішкі жалпы өнімнен 0,11 %) құрайды.

Тәуелсіз сарапшылардың пікірі бойынша, егер 5-7 жыл ішінде ғылыми зерттеулерге жұмсалатын шығыстар ЖІӨ-нің 1 %-ынан аспайтын болса, онда елдің ғылыми-техникалық әлеуеті қайтымсыз күйреуі мүмкін.

Соңғы жылдары, 2006 жылдан 2009 жылға дейін ғылымды қаржыландыру абсолюттік көлемде 20 %-ға өссе де, ЖІӨ-нің үлесі төмендеді (2006 ж. - 0,15 %; 2009 ж. - 0,11 %).

2009 жылғы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша ғылымды қаржыландыру мына үлгіде көрінеді: БҒМ - 58 %; АШМ - 14 %; ИСМ - 3 %; ЭМРМ - 5 %; ДСМ - 9 % және басқалары - 11 %.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ) нәтижелерін жасандылықтан және плагиаттан қорғайтын GLP (Good Laboratory Practice - тиісті зертханалық практика), GMP (өнім өндірісіне қатысты ережелер мен нұсқаулар нормаларының жүйесі), GPS (Good Scientific Practice - тиісті ғылыми практика стандарттары) халықаралық стандарттары енгізілмеген. Ғылыми практикада осы стандарттардың болмауы қазақстандық ғалымдар жасаған ғылыми жұмыстардың нәтижелерін әлемдік аналогтармен салыстыруда қиындық туғызады. Оларды 2010 - 2012 жылдарға арналған іргелі зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске

асыру кезінде енгізу қажет.
Ғалым мәртебесі төмен күйінде қалып отыр, бұл талантты жастарды ғылымға тартуға кедергі келтіреді.

8) Жастардың әлеуметтік құқықтары мен мемлекеттік кепілдіктерін толық іске асыру қамтамасыз етілмеген

Жастар халықтың 1/3 бөлігін құрайды. 2008 жылы 15 жастан 24 жасқа дейінгі жастардың жұмыссыздығы 7,4 %-ды құрады, бұл жалпы жұмыссыздық деңгейінен 2,4 % - ға жоғары.

Жастардың психикаға әсер ететін заттарды қолдануы үлкен проблемаға айналып отыр. Жеткіншектер мен жастардың темекі (22,8 %) мен алкогольді (18,1 %) қолдануы біршама жоғары деңгейде қалып отыр, бұл ретте темекі шегудің таралу көрсеткіші, әсіресе, қыздардың арасында өсіп келеді.

Жұмыспен қамтылған жастардың 21,5 %-ның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен. Жастардың 41,5 %-ының орташа айлық табысы орташа номиналды табыстың деңгейінен төмен.

Жастар ұйымдары санының өсуі жалғасуда және олардың саны 2008 жылы 720-дан астам ұйымға жетті. Олардың қызметіне қатысатын жастар үлесі жастардың жалпы санынан 22 %-ды құрайды.

Қоғамдық-саяси процестерге 70 %-дан астам студент жастар белсене қатысады. Бағдарлама іске асырылған кезеңде жастардың патриоттық қозғалыстарға қатысуға деген ұмтылысы 35,5 %-дан 63,9 %-ға өсті.

Жастардың арасында патриотизм деңгейі сараптамалық бағалау бойынша орташа есеппен 67 %-ды құрайды.

Бұл көрсеткішке әсер ететін негізгі фактор жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелерімен айналысатын жастар ұйымдары санының өсуі болып табылады.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласында тігінен басқару бұзылған. Орталық деңгейде жастар саясатының дамуын қалыптастырумен және іске асырумен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті деңгейде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері болып табылмайтын облыстардың, Астана қаласының ішкі саясат басқармалары, Алматы қаласының жастар саясаты басқармасы айналысады, бұл өңірлік деңгейде жастар саясатының іске асырылуын тиімді үйлестіруге мүмкіндік бермейді. Жастар саясатын іске асыруды кадрлық, ғылыми және ақпараттық қамтамасыз ету жеткіліксіз. Халықаралық жастар алмасуы дамымаған.

9) Білім беру жүйесін басқарудың жетілмегендігі мен қаржыландырудың жетілмегендігі

Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының сақталуына бірыңғай бақылаудың болмауы өңірлер бойынша білім сапасын айтарлықтай дифференциациялау алғышарттарын жасайды. Бұл мемлекеттің интеллектуалды әлеуетін төмендетеді және елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді («Ұлттық

қауіпсіздік туралы» ҚР Заңының 5-бабы).

Мұндай бақылаудың жүзеге асырылуы бастапқы деректердің үлкен көлемінің жан-жақты өңделуін және талдануын, өңірлік білім беру жүйесінің ашық көрсеткіштері мен индикаторларының көрсетілуін талап етеді.

Ақпараттық қажеттіліктерді зерттеу білім беру жүйесінің өлшем нәтижелері болжау үшін 20-25%-ға және бақылау үшін 35-40%-ға қолданылып, бұдан арғы ақпараттың қажетсіз қалатынын көрсетті.

Бүгінгі күні республикада сараптау және білім сапасын бағалау (статисттер, тестологтар және т.б.) саласында білікті мамандар жоқ, ақпаратты жинаудың, айырбастаудың, сақтаудың және деректерді (есептер) өңдеудің орталықтандырылған тетігі жасалмаған.

Өңірлік деңгейде білім беру ұйымдарының өздері қамтамасыз ететін білім беру сапасына кепілдік беретін ішкі тетіктерді жетілдіруге қажеттілік бар (әр оқушының оқу жетістіктері мен оқу жағдайының сыртқы және ішкі бағалауын жүргізу, педагогикалық кадрлар мен білім беру ұйымдарының кәсіби қызметінің тиімділігін бағалау, барлық тұтынушылар үшін деректердің шектелген мүмкіндігі, білім беру жүйесі туралы облыстық баяндаманы жазу тәжірибесінің жоқтығы).

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының, аудандық білім бөлімдерінің жанында білім беру сапасын бағалаудың облыстық жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстың тиімділігі үшін Республикада әрбір білім беру ұйымында білім беру сапасын бағалау қызметін (БСБҚ) құру қажеттілігі туындайды.

Бұл білім беру статистикасының және білім беру сапасы көрсеткіштерінің қазіргі заманғы әдістемесіне негізделген ауқымды білім беру мониторингін жүргізу үшін негіз болады.

Білім беру сапасын бағалау қызметін құру білім беру жүйесінің тиімділігі туралы объективті ақпарат алуға, оның даму стратегиясын жоспарлауға, білім беру басқармаларының барлық деңгейлеріндегі оқытудың нәтижелері үшін жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Білім беру сапасын бағалаудың инфрақұрылымының жұмыс істеуі білім беру жүйесін басқарудың барлық деңгейінде менеджменттің жаңа принциптерін енгізуге мүмкіндік береді:

Білім беру жүйесінің жай-күйін талдау мен қадағалауға арналған орталықтандырылған деректер банкін құру;

- білім беру статистикасының деректерін алмасу, өңдеу, сақтау және ұсыну тетігіне ақпараттық технологияларды енгізу;

- басқару шешімдерін қабылдау рәсімін ақпараттық қамтамасыз етуді іске асыру;

- білім беру сапасын бағалау мен бақылаудың объективтілігін, облыстағы, аудандағы, білім беру ұйымдарындағы білім берудің жағдайы туралы жан-жақты ақпаратты алуды арттыру.

Қоғамның әл-ауқатының өсуіне байланысты білім беру жүйесіне деген талаптары

да өсуде. ЮНЕСКО-ның ұсынымдарына сәйкес орнықты даму үшін білім беруге жұмсалатын шығыстар ЖІӨ-нің 6-7%-ын құрауы тиіс. Қазақстанның шығыстары ЖІӨ - нің 4 % - ы н а н а с п а й д ы .

Қазақстандағы бір оқушыға жұмсалатын шығыстар Қытай, Түркия, Ресей сияқты 3-топтағы елдердің (ЖІӨ жан басына шаққанда 10 мың АҚШ долларынан кем елдер) орташа шығысынан да төмен.

Екінші топтағы елдердегі - Испания, Корея, Чехия, Израиль (ЖІӨ жан басына шаққанда 10-нан 20 мың АҚШ долларына дейін елдер) және бірінші топтағы елдердегі - АҚШ, Жапония, Люксембург, Австралия (ЖІӨ жан басына шаққанда 20 мың АҚШ долларынан артық елдер) шығыстардағы неғұрлым едәуір айырма.

Қазақстандық мұғалімнің жалақысының жан басына шаққандағы ЖІӨ-ге арақатынасы ЭЫДҰ елдеріндегіден едәуір төмен және Ресеймен салыстырғанда аз қалпында қалады.

Жүргізілген талдау мен анықталған проблемалардың негізінде Білім және ғылым министрлігі қызметінің мынадай бағыттарын белгіледі:

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қызметінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері :

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.28 № 489, 2010.06.07 № 532, 2011.02.25 N 187 Қаулыларымен.

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлау кезеңі				
		2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1-стратегиялық бағыт. Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету								
1.1-мақсат Мектепке дейінгі білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету								
Нысаналы индикатор:								
Балаларды білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамту	%	35,6	39,4	43,3	47,6	52,4	57,3	62,2
Балаларды білім беру ұйымдарында мектепалды даярлықпен қамту	%	79	86,9	88	91	92	93	94
1.1.1-міндет Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісін көбейту								
Мектепке дейінгі ұйымның жалпы санынан мектепке дейінгі шағын орталықтардың үлесі	%	52,8	53	53,3	53,6	53,9	54	54,5
Балабақшалардың жалпы санынан мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беретін жекеменшік ұйымдардың үлесі	%	10	10,2	10,6	10,9	11,2	11,4	11,5
Топтарды толтырудың орташа көрсеткішін азайту	Адам	27,8 -ға дейін	27,2-ға дейін	26,7 -ға дейін	26,2-ға дейін	25,7-ға дейін	25,2-ға дейін	24,7-ға дейін
Жалпы санынан ашылған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі, жыл сайын	%	19,1	24,3	13,7	11,7	6,4	3,8	2,8

Нысаналы индикаторларға қол жеткізу елдерді ранжирлеу әдістемесін және БЖИ қатысушы елдердің тұрақты құрамын сақтаған кезде «Бастауыш біліммен қамту» БЖИ индикаторының жақсаруына алып келеді

1.2-мақсат Мектептегі білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру

Нысаналы индикатор:

Тест сұрақтарының жалпы санынан ҰБТ-ның орташа балы	%	60	61	62	63	63,5	64	64,5
Тест сұрақтарының жалпы санынан 4-сыныптарда МАБ-тың орташа балы	%	80,1	82	84	86	88	88,5	89
Тест сұрақтарының жалпы санынан 9-сыныптарда МАБ-тың орташа балы	%	62,6	64	66	68	68,9	69,5	70
Орта білімнің сапасы бойынша Қазақстан Республикасындағы мектептердің халықаралық рейтингі			PISA		TIMSS PIRLS		PISA	
Мектептердің жалпы санынан үш ауысымда сабақ жүргізетін мектептердің үлесі	%	1,1	0,7	1,1	1	0,9	0,7	0,5
Оқушы орнының тапшылығы азаяды	Адам	1 20 186	78 629	99 870	98 081	88 571	74 848	69 594
Жалпы мектептер санынан жөндеуден өткендерінің үлесі (Жол картасы шеңберінде)	%	0	12	7	12	12	12,5	13

1.2.1-міндет Мектеп желілерін дамыту

Мектептердің жалпы санынан апатты мектептердің үлесі	%	2,6	2,5	3,3	3,2	3,1	3	2,4
Мектептердің жалпы санынан көркейтілмеген мектептердің үлесі	%	51,5	50	48	47,5	47	46	45
Мектептердің жалпы санынан дарынды балаларға арналған мектептердің үлесі	%	1,5	1,7	1,95	2,2	2,4	2,5	2,6

1.2.2-міндет Мектептерді лингафондық, мультимедиалық (ЛМК) және пәндік кабинеттермен және Интернетпен жарактандыру

Жалпы мектептер санынан ЛМК-мен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі	%	35,2	40,1	46	52	58	64	70
Жалпы мектептер санынан жаңа модификациядағы кабинеттермен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі:	%							
Физика	%	44,5	44,5	46,7	47,5	48	50	52
Химия	%	12,2	15	18,6	19	22	31	40
Биология	%	11,3	14,2	27,8	34	36	38	40
деректер берудің кепілдік берілген жылдамдығымен қажетті желілік ресурстар (Интернет, интерактивті оқыту, телевидение және тағы басқа)	%	31	38	34	36	38	40	50
Интерактивті жабдықты пайдаланатын білім беру ұйымдарының саны	Бірлік	1 000	1 721	2 721	3 220	3 620	3 920	4 120

1.2.3-міндет Сапалы білім беру қызметтерін және оларға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну

Электронды оқу жүйесіне Интернеттің кең жолақты желісі арқылы қосылған мемлекеттік білім ұйымдарының саны	Бірлік	0	0	0	100	1 600	3 471	5 271
---	--------	---	---	---	-----	-------	-------	-------

Электронды оқыту жүйесі үшін құрылатын сандық білім беру ресурстарының саны	Бірлік	0	0	0	2 300	7 000	11 170	16 400
Электронды оқу жүйесін пайдалануға оқытылған оқытушылар саны	Бірлік	0	0	0	1 073	11 918	27 921	40 342
1.2.4-міндет Гендерлік аспектілерді ескере отырып, білім берудегі жалпы әлемдік үдерістерді ескере отырып, білім беру жүйесін әдіснамалық қамтамасыз ету								
Орта білімнің жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (ЖМБС), бағдарламаларының, типтік оқу жоспарларының үлесі	%	30	62	35	38	65	40	40
1.2.5-міндет Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.02.25 N 187 Қаулысымен.								
1.2.6-міндет Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру								
Педагогтердің жалпы санынан біліктілігін арттырудан өткен педагог кадрлардың үлесі	%	20	25	30	30	30	30	30
1.2.7-міндет Салауатты өмір салтына, оқушылардың денсаулығын нығайтуға, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету								
Спорт залдары бар мектептердің үлесі	%	71,8	72,3	73,3	74,3	75	76	77
Жалпы оқушылар санынан спорт секцияларымен және балалар-жасөспірімдер мектептерімен оқушыларды қамту	%	19,6	20	22	24	26	28	30
1.2.8-міндет Қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету								
Жалпы оқушылар санынан қосымша біліммен қамтылған балалар үлесі	%	21,5	21,5	21,6	21,8	22	22,3	22,5
